

МЕЖДУНАРОДНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ «РЕЛИГИИ ПРОТИВ ТЕРРОРИЗМА»

31 мая 2016 года,
г. Астана, Республика Казахстан

Қазіргі заманғы әлемде өмір сүре отырып, біз өзара байланысты екі үдерістің куәгерлері болып табыламыз. Біріншісі, әлем халықтарының өздерін бір адамзат отбасының өкілдері, ал Жер шары – күллі адамзаттың ортақ Отаны деген тұжырымды біртіндеп түсінуінен көрінеді.

Ал басқа жағынан, екінші үдеріс – адамзаттың біртұтастығына қауіп төндіруші деструктивті күштердің көріністері. Мұндай күштердің ең қатыгез формаларының бірі – діни төзбеушілік пен фанатизм - қараңғылық, діни ырымшылдық пен соқыр сенімдердің кесірінен пайда болған қауіптер.

Біз, адамзаттың болашақ тағдырына алаңдаған және оның толықтай ашылмаған мүмкіндіктеріне сеніп, үмітпен қарайтын діни қауымдастық ретінде, осындай тақырыптардың талқысына өз үлесімізді қосуға құштармыз.

Қасиетті жазбаларда дін адам өмірінің негізі, сонымен қатар асыл ойлар тудырушы, мінез-құлық жетілдіруші және адамзатты шексіз мадаққа апарушы күш, махаббат, халықтар арасындағы достық пен бірлестіктің қайнар көзі ретінде сипатталады.

Алуан түрлілігіне карамастан, объективті тұрғыда, дін, тарихтар бойы адамзатқа рухани заңдарды танып білуге және өркениетті дамытуға мүмкіндік беретін бірыңғай білім жүйесі болып табылады. Осындай көзқараспен адамдарға, діннің жеке адамның дамуы ғана емес, сонымен қатар барлық қоғамның дамуы үшін маңыздылығын бағаламау қиынға соғар еді.

Егер осындай ағартушылық күш діннің мән-мағынасы болса, қалайша ол адамзаттың қауіпсіздігіне қатер төндіруші деструктивті күштердің қайнар көзіне айналып отыр? Осы құбылыстың түпкі себептердің бірі- ақиқатты іздеудегі дербес жолдың болмауы мен алдап-арбау мақсатында жүзеге асырылып жатқан ақпараттарды қасақана бұрмалау әрекеттер.

Осындай кедергіні жеңу үшін біз адамның асыл табиғатын айырықшалайтын және оның жоғарылауына ықпал ететін ерекшеліктерінің бірі – ақиқатқа жету жолындағы дербес ізденіс қабілетіне назар аударуымыз керек. Осы қабілеттің арқасында адам өзінің әлеуметтік ортасы және сол ортада болып жатқан үдерістер, сонымен қатар өзінің жер бетіндегі өмірінің мақсаты туралы жеке субъективті ой-пікірін қалыптастыра алады. Адамдарды біріктіретін заттарды ашық көзқарас арқылы көруге болады. Алайда, адам осы қабілетті пайдаланбаса, ол алдап-арбаудың құрбанына және өзгенің еркі мен мақсатын орындаушы құралға жеңіл айналады.

Осы қабілеттің арқасында адам өзінің отандастарының арасында басқа адамдардың ойын бағалай алады, өзінің ойларынан бөлек адамдардың ойларына мейіріммен және түсіністікпен қарайды.

Барлық адамдар отбасына деген махаббат, дербес ізденіс қабілеті және де не әдемі не жалған екенін айыра білетін қабілет - білім беру жүйесі арқылы тәрбиелене алады. Білім жүйелерінің басты мақсаты махаббат, жомарттық, басқа адамдардың идеяларын қабылдай білу және адамдарды селқос материалдық заттардың бойкүйез тұтынушыларына айналдыратын құндылықтарға үгіттемеу керек.

Осындай білім арқылы адам қатыгездікті ұнатпайтын болады, ешқашан өзге халықтар, мәдениеттер мен діндерге өшпенді болатын деңгейге жетпейді. Осындай білім адамдарға цивилизация жемістерін қолдануға және де оның дамуына өз үлестерін қоса алатын қоғам көзқарасын қалыптастыруға көмектесе алады.

Дүние жүзінде осы көзқарасты қалыптастырудағы күш алып келе жатқан үдерістер үміт отын жағады. Адамзат өткен ғасырдың аяғынан бастап дінаралық диалог орнату және жан-жалдардың шешімін табу мақсатында дін көшбасшылары, ойшылдар мен саясаткерлердің әлемнің түпкір-түпкірінде өткізіп жатқан кездесулерінің куәгері болып отыр. Олар бір-бірін тыңдап, әр түрлі ой пікірлерді қабылдауға үйренуде. Мұндай үдерістерді осыдан 100 жыл бұрын елестету мүмкін емес еді. Тарихи тұрғыдан алып қарасақ, осындай іргелі өзгерістердің тез арада жүзеге асуы, болашақтағы мүмкіндіктердің ауқымын көрсетеді. Халықтар арасындағы сана-сезімнің жоғарылағандығын бейнелейтін осындай әрекеттерді әлдеқайда дамытып, нығайту керек. Яғни келесі жолдарда айтылғандай "Адамзаттың біртұтастығы нықтап орнамағанша, оның әл-ауқаты, бейбітшілігі мен қауіпсіздігіне қол жеткізу мүмкін емес".